

"Қызылорда қаласында жолаушыларды және багажды тұрақты автомобильмен тасымалдау тарифін белгілеу туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 06 сәуірдегі №3438 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 13 шілдедегі № 8361 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 31 шілдеде № 5910 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 25 маусымдағы № 15619 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 25.06.2020 № 15619 қаулысымен (01.09.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қызылорда қаласында жолаушыларды және багажды тұрақты автомобильмен тасымалдау тарифін белгілеу туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 06 сәуірдегі № 3438 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 10-1-210 тіркелген, "Қызылорда Таймс" газетінде 2013 жылғы 4 мамырдағы № 18 жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының 1-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"1. Жолаушылар мен багажды қалалық қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдаудың тарифі барлық маршруттар үшін бірыңғай белгіленсін:

- 1) автобус және шағын автобустарда 90 теңге көлемінде;
- 2) 6 жастан 17 жасқа дейінгі балаларға 40 теңге көлемінде."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"

Н. Нәлібаев

Қызылорда қалалық
мәслихаты хатшысының
міндетін атқарушы
Ш.Ә.Әбдірахманов

